



**Әбсадықова Нәзтай,
Нағи Илиясов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының
11 сынып оқушысы**

Сарыарқада алтын шаңырақ көтерген Астана туралы қуанған халқымның шаттық жырын жеткізуге тіл жетпейді. Қазақтың алтын дiңгек, биiк Бәйтерек, орнықты Орда болған Астанамыз қалай өсiп келедi дейсiз ғой. Iрге тасы қаланғанына аз болса да, ежелгi Есiл бойында қанатын кең жайып, сәулеттi де сәндi Ордаға айналуда. Озық ел, мәдениетi дамыған елдер қатарына қосылу үшiн ұрпағымның бiлiм дәрежесi артып, рухани байлығы мол болуы керек. Жастар үшiн Ордамыз – Астанада талай-талай мамандық алатын бiлiм ошақтары құрылды. Ондай бiлiм ордасында мыңдаған жастар бiлiм алуда. Онда тек қаракөз қазақ қызы, қара домалақ қазақ баласы ғана бiлiм алуда деп ойламаңыз. Жүзi басқа – жүрегi бiр, тiлi басқа – тiлегi бiр халқымның ұл мен қыздары бiлiм теңiзiнен сусындап, терең мұхит түбiнiң iнжу-маржанын теруде. «Жүйрiктен жүйрiк озар жарысқанда» демей ме халқым, сол сияқты талай өнерпаздар өнер шыңына шығуда. Ғылыммен шұғылданар ұрпаққа жағдай жасалып, есiгiн айқара кең ашуда. «Көңiл жүйрiк пе, көк дөнен жүйрiк пе!» деген ғой халқым, мен де осындай көрiктi де сәулеттi әсем қала Астанада бiлiм алсам деп ойлаймын. Адам баласында арман көп болғаны жақсы ғой, өйткенi арман өрге жетелейдi, сондықтан сабағымды жақсы оқып, мол бiлiм қорымен терең де мазмұнды сусындап орта бiлiмдi жақсы аяқтасам, мен де сол бiлiм ордасында арманыма жетермiн деген тiлегiмдi де жасырмай жатырмын.

Мiнермiн тайды өсiрiп құр атыма,
Ата-анамды қалдырмаспын ұятыма.
Әрдайым қиындықты жеңе бiлсем,
Шығармын бiлiм шыңы мұратыма...

«Жұмыла көтерген жүк жеңiл ғой», Астананы көркейту Арқа адамдарының арқалаған ауыр да салмақты жүгi емес, бүкiл атам қазақ баласының алдында тұрған асыл мiндетi болып саналды. Сондықтан да үш жүздiң - Алтай мен Атыраудың, Баян мен сұлу Көкшенiң, Сыр мың Ұлытаудың бiлек сыбанған қыз-ұлдары бiлек түрiнiп кiрiсiп едi, аққу қанат Астана қанатын жайып, дәулет пен сәулеттiң оты ошағында жанып, жан-жағына шұғыласын шашқаны кiмге болса да аян. Осының барлығы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың болашақ жастар үшiн жасаған үлкен қамқорлығы деп бiлемiн.

[Введите текст]

Сонау Қазақстан тәуелсіздік алған күні-ақ Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Ел Ордамызды әлемдегі ең үздік 30 қаланың қатарына қосуды жоспарлаған еді. Шын мәнінде Тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген ел үшін жаңадан қала тұрғызу оңай іс емес еді. Бірақ, Ел басы Нұрсұлтан Назарбаев алдына қойған мақсатын біздер үшін, кейінгі жас ұрпақ үшін күш жұмсап еліміздің мәдени , рухани ордасын құрды.

Астана туралы айтар сөз арқылы таудай биік, байлығымдай алапат мол, бірақ жер тар... Тек, Тұманбай ағамыздың мына сөзімен аяқтауды жөн көрдім:

Аман бол, қазағымның арыстаны,
Жер соғып қала берсін алысқаны.
Бәрін ал, алам деген биігіңнің,
Жарық ал жұлдыздардан алыстағы.
Үмірпен ертеңіне қарады ұл-қыз,
Бір нұрға жаңа толды жанарымыз.
Астана, жаңа Астана, жан Астана,
Жерге кеп қона қалған дара жұлдыз...
Келешек ұрпақ Астана десе Нұрсұлтан,

Нұрсұлтан деп атын айтса, Елбасының Астана деп қатар айтатын сөзі болады. Есіл жағасында бой көтерген Жаңа Астана – Ақ Орда құтты болсын, Астана әлемдегі қалалардан асып, іші байлық пен ұл-қызға толсын!